

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық Академиясын құру туралы<\*> ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы мен мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1997.02.28. N 281 қаулысымен. ~P970281**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 қыркүйек N 1102

Халықаралық істер жөніндегі мамандарды қайта құру даярлауды жетілдіру, дипломатиялық қызмет мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық Академиясы құрылып, оған дипломатиялық қызмет кадрларының біліктілігін арттыру жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық Академиясының Жарғысы мен құрылымын бекітсін, мамандықтар тізбесі мен профессор-оқытушылар құрамының санын белгілесін, сонымен бірге:

оның құрамында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық ақпаратында және оның шет елдердегі мекемелерінде жұмыс істеп жүргендердің ішінен орташа дипломатиялық құрамның кадрларын қайта даярлаудың екі жылдық бөлімін ашуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті Елшілеріне арналған қысқа мерзімдік (үш айға дейінгі) курстарда біліктілік арттыруды көздесін.

3. Ректордың лауазымы медициналық және тұрмыстық қамтамасыз ету, көлік қызметін көрсету жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі орынбасарының лауазымына, ал проректорлардың лауазымы - Қазақстан Республикасының Сыртқы министрлігі бас басқармасы бастығының лауазымына теңдестірілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі 1997 жылдан бастап:

- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебін ұстау үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлінуін көздесін;

<\*>

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясының профессор-оқытушылар құрамына және басқа да қызметкерлеріне "Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 170 қаулысында көзделген, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық

Академиясының басшы және профессор-оқытушылар құрамының еңбекақы ставкаларына және лауазымдық жалақыларына, сондай-ақ оқу сабақтарын жүргізгені үшін әрбір сағаттық төлем ставкаларына 1,75 өсіру коэффициентін белгілеп, еңбекақы төлеу шарттарын қолдансын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 3 абзацы күшін жойған - ҚРҰ-нің 1997.02.06.

N 170 қаулысымен. P970170\_

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.02.28. N 281

қаулысымен. P970281\_

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясының тыңдаушыларына олардың бұрынғы жұмыс орнында алған еңбекақысы деңгейінде, бірақ жоғары оқу орындарында өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттарға белгіленген стипендия мөлшерінен кем емес стипендия мөлшерін тағайындасын.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясының тыңдаушылары оны бітіргеннен кейін белгіленген үлгідегі екінші жоғары арнаулы білім туралы диплом, сондай-ақ біліктілігін арттырғандығы туралы куәлік алады.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясына 3 бірлік санында қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін. <\*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.02.28.

N 281 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясын орналастыру үшін оның қызметінің ерекшеліктерін ескере

отырып тиісті үй-жай бөлетін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясы 1997 жылы тыңдаушылардың алғашқы тобын қабылдауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК